АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ІЛЕ АУДАНЫ
АҚСАЙ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
АҚСАЙ
ИЛИЙСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ
2026 жылғы «12» мамыр
Ақсай ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ
№ 150- ө н/қ
село Ақсай

Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» №106-VIII Заңының 5-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына, 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына және жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасына сәйкес, Ақсай ауылдық округі әкімі **ӨКІМ ЕТТІ:**

1.Бір көзден алу тәсілімен «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 28 тармақшасына сәйкес Шабыт ықшам ауданында мини-футбол алаңын орнату үшін 251199.000.000001 «Металл құрылымдарды дайындау бойынша жұмыстар» бойынша жұмыстарды сатып алу жөнінде тікелей шарт жасасу жолымен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маманы Ш.Асаутаева:

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын «Орынтай» жеке кәсіпкер, 820723401620 ЖСН жіберілсін.

2. Осы өкімінің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Округ әкімі **Б.Туреев**